

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**



**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Қызылорда, 2021

Кіріспе

Тұрақты даму – қазіргі буынның жеке қажеттіліктерін болашақ ұрпақтың талабына зиян келтірмей қанағаттандыратын даму ретінде анықталады.

2015 жылы Мемлекет басшылары мен қоғам қайраткерлері БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясы аясында Тұрақты даму саласындағы күн тәртібін – 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы ғаламшардың әл-ауқатын қорғауға және арттыруға бағытталған жаңа мақсаттарды бекітті.

Жаһандық сын-тегеуріндерге жауап бере отырып, ЮНЕСКО адам өмірін жақсартатын бірыңғай ережелерді ұстануға шақырады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті осы ойларды қолдайды және өзінің ғылым, білім беру және шаруашылық қызметін 17 тұрақты даму мақсатында көрсетілген қағидаттарға сәйкес құрады.





Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тұрақты даму саласындағы миссиясы

Бұл тұрақты даму іс-шараларын іске асыру үшін университет жинақталған ғылыми және басқарушылық әлеуетін пайдалана отырып күш-жігерін біріктіреді.

Тұрақты даму пайымы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – Қазақстан Республикасында және сыртқы аймақтарға танылған, жаңа білім мен технологияларды генерациялау мен трансферттеу сондай-ақ, білім және ғылымды интеграциялау арқылы тұрақты дамудың ажырамас бөлігі болатын жоғары оқу орны.

Университеттің әрбір білім алушысы мен қызметкері тұрақты даму қағидаттарын түсініп қабылдайды және кейінгі ұрпақ үшін жағымды тұрақты өзгерістердің катализаторы болып табылады.

Стратегиялық бағыттар

1. Тұрақты даму үшін білім және ғылыми зерттеулер;
2. Инфрақұрылым мен қоршаған ортаны басқару;
3. Салауатты өмір салты университеті;
4. "Жасыл энергетика".

Тактикалық тәсіл



Стратегия Біріккен Ұлттар Ұйымының 17 тұрақты даму саласындағы мақсаттары (ТДМ) шеңберінде әзірленді.

Университеттің әдепкі бірнеше жыл ықал ете алатын басым бағыттары ретінде 17-і тұрақты даму мақсаттардың ішінен 9 тұрақты даму мақсаттары таңдалды.

Әр стратегиялық бағыт бойынша мақсат, міндеттер, нысаналы индикаторлар және индикаторларды іске асыруға бағытталған іс-шаралар айқындалған. Тұрақты даму Стратегиясы тек 2021 жылы ғана әзірленгеніне қарамастан, Университет ТДМ-ға қол жеткізу бойынша айтарлықтай жұмыс атқарғанын атап өту өте маңызды.

Жаһандық жаңа сын-тегеуріндер мен трендтерге, университеттің одан әрі дамуына байланысты 9 ТДМ өз дамуын алды, сондай-ақ, қосымша жаңа ТДМ-ның енгізілуі, стратегиялық бағыттардың мақсаттары мен міндеттеріне өзгерістер енгізіледі

Тұрақты инвестициялар

Тұрақты даму стратегиясын іске асыру үшін университеттің даму жоспарында көрініс табатын қажетті қаржы қаражаты талап етіледі. Кейбір индикаторларды орындау айтарлықтай қаржылық шығындарды талап етеді және бұл фактор олардың өзгеру жылдамдығын анықтайды.



ТҰРАҚТЫ ДАМУДАҒЫ ҮШІН БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Негізгі мақсаты: экологиялық білім мен тәрбиелеуді қалыптастыру және дамыту, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, экологиялық жауапкершілік, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты тұрақты пайдалану саласындағы мінез-құлық пен қызмет дағдылары мен біліктерін, құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған «жасыл» технологияларды дамыту, экологияға бағдарланған тұрмыс салтын қалыптастыру.

Міндеттері:

- университет ББ мазмұнын тұрақты дамыта отырып қоршаған ортаны қорғау бөліктерімен жаңғырту;
- оқытудың интерактивті, экологияға бағдарланған әдістері мен нысандарын пайдалана отырып, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы инновациялық білім беру мазмұндарын әзірлеу және енгізу;
- қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметіндегі ынтымақтастықты дамыту;



- білім мен ғылым интеграциясы, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы жаңа білім мен технологиялардың генерациясы мен трансферті негізінде жоғары білікті кадрларды даярлаудың сапалы деңгейін қамтамасыз ету;

- тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін талап етілетін бірқатар экологиялық және этикалық нормаларды, құндылықтарды, кәсіби дағдыларды игеруге ықпал ететін экологиялық білім мен тәрбие арқылы қоғамның хабардар болуының жоғары деңгейіне қол жеткізу;

- университеттік, республикалық және халықаралық деңгейлерде өткізілетін экология және қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму мәселелері бойынша білім беру және ғылыми-зерттеу жобаларының санын көбейту;

Тұрақты даму стратегиясы

- экология және қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін инфрақұрылымды дамыту;



- БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы халықтың барлық топтары арасында экология және қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму бойынша білімді, іс-шараларды, зерттеулерді және жобаларды танымал ету және үгіт насихат жүргізу.

Күтілетін нәтижелер:

- адам мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, зерттеуге бағытталған өзара байланыстағы адамгершілік, құқықтық, эстетикалық ғылыми және практикалық қызмет;

- адамзат алдында тұрған көптеген жаһандық экологиялық қауіп-қатердің алдын алуға мүмкіндік беретін келешекте қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастырады.

Нысаналы индикаторлар:

Білім және тәрбие
Траекториялар саны / minor ББ: қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму бойынша педагог кадрлар мен мамандарды даярлау (бакалавриат, магистратура, PhD) бірл.
Экологиялық білім беру, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму бағдарламалары бойынша оқудан өткен білім алушылар саны (бакалавриат, магистратура, PhD білім алушыларының саны), адам.
Экологиялық білім беру, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру, тағылымдамадан және оқытудан өткен ПОҚ адам саны,
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму бойынша әзірленген және енгізілген эклективті пәндер саны, бірлік
жалпы ББ санынан Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелерін қамтитын пәндердің ББ –сының % үлесі,
экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері бойынша әзірленген жаппай ашық онлайн курстары (МООС) пәндер саны, бірл.
жылдық дипломдық жұмыстардың жалпы санынан экологияға бағдарланған тақырыптағы дипломдық жұмыстардың % үлесі,
жылдық магистрлік диссертациялардың жалпы санынан экологияға бағдарланған тақырыптағы магистрлік диссертациялардың % үлесі,
жылдық докторлық диссертациялардың жалпы санынан докторлық

Тұрақты даму стратегиясы

диссертациялардың экологияға бағдарланған тақырыптарының % үлесі,
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласында/ жұмыс істейтін ұйымдарда/бөлімшелерде/ жұмысқа орналасқан түлектердің % үлесі,
Экология және қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму жөніндегі студенттік ұйымдардың (топтар, клубтар, үйірмелер, қауымдастықтар, альянстар және т. б.) саны, бірлік
Экологиялық білімді насихаттауға, қоғамда экологиялық сананы, сауаттылықты, ойлауды, мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар саны, бірлік
БАҚ мен әлеуметтік желілерде экология тақырыбына арналған жарияланымдар саны, бірлік
Ғылым
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері жөніндегі ғылыми жобалардың саны, бірлік (өңірлік, республикалық, халықаралық және басқа да деңгейлерде)
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері бойынша ғылыми жобаларды қаржыландыру көлемі, бірл.
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері бойынша ғылыми жобаларға бөлінген университеттің қаржы қаражатының көлемі, бірл.
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері жөніндегі ғылыми жобаларға басқа көздерден тартылған қаражат көлемі, бірл.
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы ғылыми-зерттеу зертханаларының саны, бірлік
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері бойынша монографиялар, оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар саны: - Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы - ТОП-200 QS рейтингісі бар жоғары оқу орындарымен шетел ғалымдарымен авторлық бірлесуі, бірл.
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері бойынша ғылыми жарияланымдар саны: - ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған журналдарда: - Q1-Q4 квартильді рецензияланған журналдарда, бірл.
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері бойынша ұйымдастырылған ғылыми мәжіліс, вебинарлар, семинарлар, дөңгелек үстелдер саны: - университет деңгейінде: - өңірлік деңгейде: - республикалық деңгейде: - халықаралық деңгейде, бірл.
Экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері бойынша start-up жобалардың саны, бірлік

Индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар:

- ББ экологиялық бағдарланған модульдермен қамтамасыз ету;
- Инновациялық экологияға бағдарланған траекторияларды әзірлеу / minor ББ;



- Қолданыстағы ББ – ның оқу - әдістемелік кешендері мен пәндерін, оқыту әдістері мен нысандарын "жасыл экономика", "жасыл технология", "жасыл химия" және тұрақты даму саласына қарай дамыту мен жаңарту.

- Университеттің барлық құрылымдық бөлімше қызметкерлерін қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тарту;

- *Адам ресурстарын

даярлау сапасын арттыру және қоғамның, жұмыс берушілердің экологиялық білім беру, жасыл экономика, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы кәсіби кадрларға деген сұранысты қанағаттандыру;

- Университеттің агробиологиялық алаңы мен жылыжай шаруашылығы базасында "су ресурстары және суды пайдалану", "Агрономия", "жерге орналастыру", "Жер кадастры" ББ бойынша білім алушылардың өндірістік практикасын ұйымдастыру;

- ББ 6В01517-Биология, 6В01518-География, 6В01515-Химия-Биология, 6В01515-Химия бойынша білім алушылардың экологияға бағдарланған практикалар мазмұнын ұйымдастыру;

- "Жасыл мектеп" жобасын одан әрі іске асыру (Қызылорда қ.)

(Қызылорда облысының білім басқармасының бұйрығымен А. Мүслімұлы атындағы № 101 мектеп-лицейі 2021 жылдың сәуір айынан бастап). экологиялық білім беру мен тәрбиелеу бойынша эксперименттік алаң ретінде басты мектебі ретінде анықталды. "Жасыл мектеп" пилоттық жобасының



жетекшісі - "Биология, география және химия" кафедрасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты Р. Х. Құрманбаев);

- 2022 жылдан бастап жаратылыстану институтының "Жасыл факультет" болып қайта құрылуы, онда оқу үдерісін ұйымдастыру білім алушылардың ғылыми-зерттеу, практикалық, ағартушылық қызмет тәсілдерін 7 бөлім бойынша білім алып, меңгеруге бағытталған:



1. Биоалуантүрлілік – Қазақстанның, Қызылорда облысының, өсімдіктері мен жануарларының әртүрлілігін және оны кеңейту жолдарын зерттеу (жанды бұрыш, зоологиялық мұражай, ботаникалық бақ, бөлме өсімдіктерін өсіру, көгалдандыру, ландшафтық дизайн, "4В нысандағы" оқу-өндірістік шеберханасы);

2. Энергияны үнемдеу-энергия тұтыну құрылымын және оны азайту тәсілдерін зерттеу; (жел генераторы, күн батареялары, биогаз, фотоэлементті шамдар)



3. Суды үнемдеу-ауыз су, өзен, көл суын пайдалану бағыттарын зерделеу және оны сақтау тәсілдерін игеру (үгіт насихат жүргізу, эко белгілер, фотоэлементі бар крандар орналастыру);

4. Қалдықтармен айналысу – қоқыс пен қалдықтардың пайда болу көздерін талдау, оларды барынша азайту, қайта өңдеу мен қайта пайдалану тәсілдерін анықтау (ғимараттағы қоқыс жәшіктері, үгіт-насихат, қағаз жиынтығы);

5. Ақпараттық-экологиялық жұмыстар – білім беру мекемелер, кәсіпорындар, облыс және

республиканың жергілікті тұрғындар арасында экологиялық танымдық жұмыстарын жүргізу (студенттік экологиялық шерулер, студенттік газеттер, мақалалар, "өлкетану" кабинеті, мәжілістер, вебинарлар, семинарлар, тренингтер, стендтер, экология белгілері, велотұрақтар, -жолдар, -жүгіріс) әлеуметтік желілер.

6. "Жасыл ҒЗЖ", " Жасыл студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары". (СҒЗЖ), (дипломдық жұмыстардың, магистрлік, докторлық диссертациялардың тақырыптары, гидропоника, жылыжай, ғылыми экспедициялар, мақалалар, монографиялар, оқу құралдары, жобалар, 1,2,3,4,5 тармақтары,).



7. "жасыл білім беру бағдарламалары" Факультеттің бітіруші кафедраларының (элективті пәндер, БББ, біліктілікті арттыру); бірлескен білім беру бағдарламалары

- 2023 жылдан бастап "жасыл балабақша – жасыл мектеп – жасыл колледж – жасыл факультет" білім беру жобаларын іске асыру;

- *ЖОО базасында академиялық артықшылық орталығын құру шеңберінде инновациялық ғылыми-білім беру зерттеу зертханаларын ашу: кіші Арал биоалуантүрлілігі және экожүйесі, Экофизиология және биоиндикациялық зерттеулер, Геоэкология, картографиялау

және ГАЖ, Жаратылыстану-педагогикалық бағыттағы мультидисциплинарлық зерттеулер, "жасыл химия" және экологиялық білім беру;

- Келесі бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу:
- Жасыл химия және Жасыл инженерия;
- Айналымнан шыққан ауыл шаруашылығы жерлерін, ауыл шаруашылығы айналымына қайта енгізу;
- Суармалы жерлердің тұздануы, тотығуы және ауыр металдармен ластану мониторингі;
- Қызылорда суару алқабындағы ауыл шаруашылық дақылдарын өндіру кезіндегі су үнемдеу технологиялары;
- Қызылорда облысы жағдайында әртараптандырылған дақылдар өндіру;
- Жасыл энергетика (нистерит, тегіс емес, сенсублизацияланған күн панельдері);
- Қызылорда облысы жағдайында күріш өндірудің инновациялық технологиялары;
- Топырақ, су және ауа жай-күйінің ауыл шаруашылығы дақылдарының сапасына әсері мен басқалары;
- Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және инновациялық технологияларды енгізуде инфрақұрылымды дамыту;
- Қоршаған табиғатқа ұқыпты және ұтымды қарауға мүдделі тыңдаушылардың әртүрлі санаттары үшін оқыту семинарларын, тренингтер,

Тұрақты даму стратегиясы

дәрістер, мастер-кластар, арнайы курстар, байқаулар, дебаттар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;

- Жастардың экологиялық тәрбиесін және экологиялық мәдениетін дамыту, әлеуметтік жұмыстар;

- Тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін талап етілетін бірқатар экологиялық және этикалық өлшемдерді, құндылықтарды, кәсіби дағдыларды игеруге ықпал ететін экологиялық білім мен тәрбие арқылы халықтың барлық топтарының хабардар болу деңгейін арттыру;

- Бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер және т. б. арқылы халықтың барлық топтар арасында жасыл экономика, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі білімді, іс-шараларды танымал ету.





ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ БАСҚАРУ

Негізгі мақсаты: ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін кампустың энергия тиімділігін жақсартып отырып қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту, агробиологиялық алаңды жақсарту және одан әрі көгалдандыру мен оның қоршаған ортаға, қаланың экожүйесін интеграциялау.

Міндеттері:

- кампусты көгалдандыру;
- "Clean-upday" халықаралық экологиялық шерулерін, "жасыл" жастар фестивальдерін өткізу;
- экологиялық "кітап айналымы";
- қалдықтарды бөлек бөлек жинау;
- экологиялық таза тамақ, киім және тұрмыс тіршілікті ұйымдастыру;
- агробиологиялық алаң базасында қала тұрғындары үшін демалыс аймағын құру.



Күтілетін нәтижелер:

- қызметкерлер мен білім алушылардың өмір сүру сапасын жақсарту, демек олардың жұмыс қабілеттілігі жоғарылайды;

Тұрақты даму стратегиясы

- жұмыс орындарын (кампус және кеңсе) көгалдандыру, эстетикалық эко-жайлылық құру;
- агробиологиялық алаң негізіндегі қала тұрғындарына арналған демалыс аймағы

Нысаналы индикаторлар:

Кампустың барлық ауданы, га / ш. м / ш. км
Кампустағы оқу ғимараттарының саны, бірлік
Ғимараттардың жалпы ауданы, ш. м
Қоршаған ортаны қорғауға және тұрақты дамуға бөлінетін университет бюджетінің % шығыс үлесі,
Табиғатты қорғау өлшемдеріне негізделген университет аумағындағы құрылыс/қайта жоспарлау / барлық құрылыс жобаларының жалпы санынан тиімді энергия дизайны жобаларының % саны
Өртүрлілікті сақтау, көбейту (био) бағдарламаларының саны: көгалдандыру және қолайлы өсімдік түрлерін таңдау, жаңа алаңдарды жоспарлау және т. б., бірл.
Автокөлікке арналған тұрақ орындарының жалпы саны, бірл.
жалпы тұрақ орындарының санынан табиғатты қорғау өлшемдерінің негізіне сәйкес құрылған автокөліктерге арналған тұрақ орындарының %-үлесі,
Велосипедтерге арналған тұрақ орындарының, роликтерді сырғанауға/сақтауға арналған орындардың және т. б. бірл. студенттер санымен / % арақатынасы
Экологиялық таза көлікті танымал ету бойынша іс-шаралар саны: вело-шеру роликтер, экологиялық таза қоғамдық көлік және т. б., бірлік
Қалалық, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп әзірленетін қоршаған орта және тұрақты даму мәселелеріне арналған іс-шаралар саны, бірл.
Қалалық және мемлекеттік ұйымдармен ынтымақтасып, қалалық инфрақұрылымды дамытуға, қоршаған ортаны қорғауға және тұрақты даму мәселелері бойынша жоспарлар мен стратегияларды қалыптастыруға қатысатын сарапшылар, кеңесшілер болып табылатын университеттің ПОҚ саны, адам.
Университеттің халықаралық Green Metric Ranking of World Universities рейтингіне қатысуы

Индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар:

- Университеттің даму жоспарына қоршаған ортаны қорғауға және тұрақты дамуға бағытталған шығындар бабын енгізу;
- Университет аумағының құрылысын салу/қайта жоспарлау/энергияны тиімді жобалау жобаларын дайындау кезінде құрылыстық жобалауға экологиялық және биоклиматтық өлшемдерді енгізу;
- 2021-2025 жылдарға арналған агробиологиялық орталықтың Стратегиялық даму жоспарын іске асыру;
- Кампус аумағының биоалуантүрлілігін көбейту арқылы



бағдарламаны әзірлеу: жаңа алаңдарды, бір біріне сәйкес келетін өсімдік түрлерін таңдау және т. б;

- Табиғатты қорғаудың негізгі өлшемдеріне сәйкес құрылған автокөліктерге арналған тұрақ орындарын ұлғайту;

- Жаяу жүргіншілер аймағын ұлғайту және қолданыстағы барын жетілдіру, автотұрақтарды жоспарлау және


қайта құрылымдау;

- Экологиялық таза көлікті танымал ету: вело-шерулер, роликтер, экологиялық таза көлік; қала билігімен бірлесіп қоршаған ортаны тұрақты даму мәселелеріне арналған іс-шараларды жүйелі түрде өткізу;

- Университеттердің, қалалық және үкіметтік ұйымдардың, халықаралық серіктестердің қатысуымен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамыту саласындағы жобаларды әзірлеу;

- *Университет бөлімшелерінің

басшылары құрамында тұрақты даму стратегиясын басқару, жоспарлау және іске асыруды мониторингі бойынша тұрақты даму жөніндегі кеңес құру.





САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ УНИВЕРСИТЕТІ

Негізгі мақсаты: денсаулықты баға жетпес құндылық ретінде ұғыну негізі – білім беру үдерісі субъектілерінің денсаулық сақтау мәдениеті мен салауатты өмір салтына деген ынтаны қалыптастыру, салауатты өмір салты бойынша білім, білік пен дағдылардың қалыптастыруы болып табылады.

Міндеттері:

- студенттер мен қызметкерлерге санитарлық-гигиеналық



- талаптарға жауап беретін оқу және жұмыс жағдайларын жасау, оқу және еңбек жүктемесін оңтайлы бөлу;

- студенттер мен қызметкерлердің өз денсаулығына ұқыпты қарауы-олардың кейінгі өмірінде табысқа жетуінің кепілі екенін түсінігін қалыптастыру;

- студенттер мен қызметкерлердің денсаулықты сақтау мен нығайтуда білім, білік және дағдыны алуына, денсаулық

мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру-ағарту бағдарламаларының циклін енгізу;

- тамақтануды, бос уақытты және демалысты ұйымдастыруды жақсартуға байланысты шаралар жүйесін енгізу;

- темекіні, алкогольді және есірткіні қолдануға теріс қатынасты қалыптастыру;

- студенттер мен қызметкерлерге қолжетімді психологиялық көмек көрсету;



- сауықтыру іс-шаралары бағдарламаларын дайындау және іске асыру, студенттер мен қызметкерлер үшін оқыту семинарлары мен тренингтер өткізу.

Күтілетін нәтижелер:

- университет қызметкерлері мен білім алушылардың денсаулық жағдайын жақсарту;

- студенттердің денсаулық құндылығын түсінуі, зиянды әдеттерден бас тартқан білім алушылардың үлесін арттыру;

- оқудағы үлгерім деңгейін арттыру;

- студенттердің, қызметкерлердің, профессорлық-оқытушылық құрамның денсаулығын нығайтуға қызығушылығын, бұқаралық дене шынықтыру мен спортпен жүйелі түрде шұғылдануға деген тұрақты қажеттілікті қалыптастыруға қызығушылығын арттыру;

- білім алушылардың, оқытушылар мен қызметкерлердің күйзеліске төзімділігін арттыру;

- халық арасында салауатты өмір салтының негіздерін одан әрі танымал етуге дайын университет түлектерінің құзыреттілік деңгейін арттыру;

- қызметкерлердің, профессорлық-оқытушылық құрамның белсенді ұзақ өмір сүруі, олардың әлеуметтік функцияларды толыққанды орындай алуы, оларды өзіне өзі күтім жасау үдерісіне тарту және өзгеге үлгі болу арқылы тәрбиелеу.

Нысаналы индикаторлар:

Спорт секцияларының саны, бірлік
Білім алушылар мен ПОҚ қатысуымен өткізілетін бұқаралық спорттық іс-шаралар саны, бірлік
Білім алушылардың университет пен қаланың спорт секцияларына қатысуын мониторингілеу. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын қатысушы білім алушылардың % үлесі (қалалық спорт секциялары және жарыстар),
Денсаулық сақтау ортасын, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар саны, бірлік

Білім алушылардың тұлғалық дамуы мен білім алуына жағдай жасалғанына қанағаттану % -ы
Ұлттық студенттік лигаға қатысатын университеттің студенттік командаларының саны, бірл.
Әртүрлі спорт түрлері бойынша Әлем, Азия чемпионаттарының және халықаралық, республикалық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлерінің саны, адам.

Индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар:

- Салауатты өмір салтын насихаттауға және денсаулықты сақтауға арналған байқаулар, шерулер ұйымдастыру және өткізу;

- *Студенттердің денсаулығын сақтау және нығайту бойынша білім, білік және дағдыларды меңгеруге бағытталған дәрістер, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізу;



- Спорт секцияларының жұмысы (футбол, волейбол, жүзу, баскетбол, үстел теннисі, бокс, күрес, пауэрлифтинг, шахмат, тоғызқұмалақ, фитнес);

- Мәдени-бұқаралық, спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру ("бірінші курс" спартакиадасы,

қысқы демалыс күндері қызметкерлер мен оқытушылар арасында "Сергектік және денсаулық" спартакиадасы спорт түрлері бойынша жарыстар, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған әйелдер арасында волейболдан турнир, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы профессор Николай Шиндинді еске алуға арналған волейболдан республикалық турнир және басқалар);

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Ғылыми кітапханасының қорындағ әдебиеттердің тақырыптық көрмелерін ұйымдастыру;

- Салауатты өмір салтының түрлі мәселелері бойынша дәрігерлердің, заңгерлердің, психологтардың, психотерапевтердің кенестерін ұйымдастыру;

- Университет қызметкерлері мен студенттерін жыл сайын медициналық тексеруден өткізуді жүзеге асыру;

- ЖОО-да және одан тыс жерлерде өтетін салауатты өмір салты тақырыбына арналған іс-шаралар туралы хабардар ету;

- Студенттерді салауатты өмір салтына арналған, осы бағытты дәріптеуге бағытталған медиа материалдар мен жобаларды жасап тарату;

- Білім алушылардың әлеуметтік көңіл-күйі туралы мониторинг жүргізу;

Тұрақты даму стратегиясы

- Спорт секцияларының жұмыс істеу тиімділігі туралы мониторинг жүргізу;
- Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде қоғамдық тамақтану саласына кешенді зерттеу жүргізу;
- "Студенттер үйі: тұрмыс және демалыс жағдайлары" атты әлеуметтік сауалнама жүргізу.





"ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА"

Негізгі мақсаты: энергия тиімділігі, су, электр энергиясын үнемдеу, қалдықтарды кәдеге жарату және т. б. жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы университеттің энергияны көп қажет ететін экономикаға көшуінің жүйелі, кешенді тәсілін қалыптастыру.

Міндеттері:

- электр энергиясы мен жылу энергиясын тұтыну тиімділігін үнемдеу және арттыру бойынша іс-шаралар өткізу;
- энергетикалық есепке алу, аудит жүргізу мақсатында университеттің ғимараттары мен оқу жайларында электр энергиясынның автоматтандырылған есептеу жүйесін әзірлеу ;
- энергия үнемдеу бағдарламаларын іске асыру;
- тұтынатын суды үнемдеу бойынша бағдарламалар мен іс-шараларын әзірлеу;
- су шығынын басқару жүйесін пайдалануды көтермелеу және іс-шараларды әзірлеу;
- парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарламаларды енгізу;
- қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, қайта өңдеу бойынша қалалық ұйымдармен келісімдерге бастамашылық ету;
- Органикалық емес қалдықтар мен органикалық қалдықтарды қайта өңдеу, қалдықтарды бөлек-бөлек жинау үшін жағдайлар жасау және т. б.;



Күтілетін нәтижелер:

- энергия тиімділігін артыра отырып, суды, электр энергиясын үнемдеу, қалдықтарды кәдеге жарату және т. б. жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы университеттің сыйымды энергия экономикасына көшуі.;
- * • CO₂ /көмір қышқыл газ шығарындыларын азайта отырып, жылыжай әсерін жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндіріп алу;
- білім алушылар мен қызметкерлерде тиісті құндылық бағдарлары қалыптастырылып, мәдени университетін дамыту;
- бюджет қаражатын үнемдеу.

Нысаналы индикаторлар:

Энергия тиімділігі
Тұтынылатын электр энергиясының жалпы саны, кВт
Тұтынылатын жылу энергиясының жалпы саны, м ²
Электр аспаптарының жалпы көлеміндегі энергия тиімді аспаптардың пайызы, %
Жаңартылатын көздердің (гелио, жел және т. б.) көмегімен алынатын тұтынылатын энергияның жалпы көлемінен электр энергиясының пайызы, %
Барлық оқу жайларының жалпы санынан университеттің ғимараттары мен оқу жайларында электр энергиясын есепке алу аспаптарының (есептегіштердің) % саны,
Жаңартылатын көздерден өндірілген электр энергиясының жалпы саны, кВт
Энергия үнемдеу бағдарламалары (энергияны пайдалануды азайту үшін адамдарды ынталандыру бойынша орындалған іс-шаралар), иә/жоқ
Сумен жабдықтау
Барлық көздерден тұтынылатын судың жалпы саны, текше метр
Су құбыры арқылы тұтынылатын судың жалпы мөлшері: коммуналдық қызметтер, текше метр
Оқу жайларының жалпы санынан университеттің ғимараттары мен оқу жайларындағы суды есепке алу аспаптарының (есептегіштердің) % саны,
Қалдықтарды реттеу
Кәдеге жаратылған уытты қалдықтардың саны, кг
Ғылыми-педагогикалық және оқу-көмекші персонал санына нормалып пайдаланылған кеңсе қағазының саны, кг
Парниктік газдар шығарындыларын азайту, %
Қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, қайта өңдеу жөніндегі қалалық ұйымдармен келісімдердің саны,
Кәріз (кәрізді өңдеу мен кәдеге жаратудың негізгі әдістері)
Көлік
Университетке тиесілі автокөлік құралдарының саны,
Университет аумағына күн сайын кіретін автокөлік құралдарының саны,
Кампус аумағында пайдаланылатын автокөлік құралдарының санын шектеу,

Индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар:

Энергия тиімділігі



- Энергия үнемдейтін аспаптарды сатып алу;
- Жаңартылатын энергия көздерін орнату (оқу ғимарат төбесіне күн батареяларын орнату);
- Электр қуатын үнемдеу бағдарламасын құру;
- Энергия үнемдеудің ішкі ұжымдық мәдениетін енгізу.



Сумен жабдықтау



- Суды үнемдеу бағдарламасын құру;
- Су есептегіштерін орнату;
- Су үнемдейтін саптамаларды орнату;
- Сантехниканы ауыстыру.

Қалдықтарды реттеу

- Қалдықтарды бөлек бөлек жинау бағдарламасын жасау;
- Қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, қайта өңдеу жөніндегі қалалық ұйымдармен келісімдер жасасу;
- Парниктік газдар шығарындыларын азайту саясатын әзірлеу;
- Атмосфераға шығарындыларды өлшеу құралдарын сатып алу.

Көлік



- Университет аумағына кіретін автомобильдер санын қысқарту;
- Газды отын ретінде пайдаланатын автокөлікті сатып алу.

Қорытынды

Қазіргі әлеуметтік, экологиялық, экономикалық жағдай мен терең дағдарыс заманында қоршаған орта жасампаздығына көбірек назар бөлінеді. 2002 жылы Йоханнесбургте өткен БҰҰ саммитінде сарапшылардың көпшілігі әлемдік қоғамдастық қызметінің басым бағыттарының бірі – тұрақты даму мүддесіндегі білім болып табылатынын атап өтті. Осыған орай, университет тұрақты даму тұжырымдамасын іс жүзінде іске асыру мақсатында - қоғамда өз орнын қалыптастыруға дайын маман мен азаматтарды даярлауда басты рөлді атқарады.

Осы стратегияда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің белсенді түрде тартылған оқытушылардың, білім алушылардың, қызметкерлердің Тұрақты даму идеясын ілгерілету ұстанымдары баяндалған.

Университетте Тұрақты даму стратегиясын іске асыру, оны ұжымдық мәдениетке енгізу, жаһандық мәселелерді шешімін табуға мүмкіндік береді және тұрақты даму мәселелерін шешуге өз үлесін қосады.

*2021 жылдың 29 желтоқсанында (№7 хаттама)
университеттің Ғылыми Кеңесінің
мәжілісінде қаралып, бекітілді*